

Introduction of digital technologies in the food industry of Kazakhstan

Manshuk Yerenkhan^{1*}, Assan A. Satmurzaev², Aigul M. Jumabayeva³,
Assem Z. Nurpeisova⁴

¹*Alikhan Bokeikhan university EI, Semey, Kazakhstan*

²*Kainar Academy, Almaty, Kazakhstan*

³*NJSC Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan*

⁴*Alikhan Bokeikhan university EI, Semey, Kazakhstan*

Abstract

The food industry can be attributed to one of the most popular industries for attracting investments. One of the most important tasks facing the country in matters of digitalization and control of the country's food security are the task of introducing digital technologies into the food industry. If we look at the results of the general marketing analysis, we can see that the food retail market in Kazakhstan is insufficiently developed. In case of attracting investments necessary for the modernization of production and the use of new technologies, food production will also improve. Due to the incomplete development of production and processing of agricultural products in the country, the share of imports far exceeds the share of exports. Even in the food industry, despite the presence of an export-oriented movement, there is a predominance. Innovations leading to digitalization achievements in the direction of transition to an electronic platform, information exchange data using a scanning code that allows you to find out food prices and all relevant information in the country are also considered. Therefore, at present, recommendations and studies have been given that domestic food consumption is not sufficiently provided with domestic products to consider their priority areas.

Keywords: program, digitalization, food, investment attraction, food industry

Қазақстандағы азық-түлік өнеркәсібіне сандық технологияларды енгізу

Еренхан М.^{1*}, Сатмурзаев А.А.², Джумабаева А.М.³, Нурпейсова А.З.⁴

¹*Alikhan Bokeikhan university БМ, Семей, Қазақстан*

²*Кайнар академиясы, Алматы, Қазақстан*

³*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті КЕАҚ, Алматы, Қазақстан*

⁴*Alikhan Bokeikhan university БМ, Семей, Қазақстан*

Түйін

Тамақ өнеркәсіптерін инвестицияларды тарту бойынша басымдықты қажет ететін салалардың біріне жатқызуға болады. Цифрландыру бойынша қарастыруда, елдің азық – түлік қауіпсіздігін бақылауда еліміздің алдында тұрған маңызды міндеттерінің бірі - азық-түлік өнеркәсібіне сандық технологияларды енгізу міндеттері болып табылады. Жалпы маркетингтік талдау нәтижелері бойынша қарастыратын болсақ, Қазақстандағы азық-түлік тауарларының бөлшек сауда нарығы жеткілікті деңгейде дамымағанын көре аламыз. Өндірісті жаңғыртуға және жаңа технологияларды пайдалану үшін қажетті инвестициялар тартылған жағдайда, тамақ өнімдерін шығару өндірісі де жақсарады. Еліміздегі агроөнімдерді өндірудің және оларды қайта өңдеудің толық дамымағандығының салдарынан импорттың үлесі экспорттың үлесінен әлдеқайда басым болып отыр. Тіпті азық-түлік өнеркәсібінде экспортқа бағдарланған қозғалыстың болғандығына қарамастан басымдылық байқалады. Сонымен қатар электрондық платформаға көшу бағытындағы цифрландыру бойынша жетістіктерге жетелейтін жаңашылдық, елімізде азық-түліктің бағасын және қатысты барлық ақпараттарды біле алатын сканерлеу коды арқылы ақпарат алмасу деректері туралы қаралған. Сондықтан қазіргі таңда азық-түлік өнімдерін ішкі тұтыну отандық өнімдермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмегендігі туралы, олардың басымдық бағыттарын қарастыру туралы ұсыныстар мен зерттеулер берілген.

Кілттік сөздері: бағдарлама, цифрландыру, азық-түлік, инвестиция тарту, тамақ өнеркәсібі

Внедрение цифровых технологий в пищевой промышленности Казахстана

Еренхан М. ^{1*}, Сатмурзаев А.А. ², Джумабаева А.М. ³, Нурпейсова А.З. ⁴

¹*Alikhan Bokeikhan university VO, Семей, Казахстан*

²*Академия Кайнар, Алматы, Казахстан*

³*НАО Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан*

⁴*Alikhan Bokeikhan university VO, Семей, Казахстан*

Аннотация

Пищевая промышленность может быть отнесена к одной из наиболее востребованных отраслей по привлечению инвестиций. Одной из важнейших задач, стоящих перед страной в вопросах цифровизации, контроля продовольственной безопасности страны, являются задачи внедрения цифровых технологий в продовольственную промышленность. Если рассматривать по результатам общего маркетингового анализа, то можно увидеть, что рынок розничной торговли продовольственными товарами в Казахстане недостаточно

развит. В случае привлечения инвестиций, необходимых для модернизации производства и использования новых технологий, улучшится и производство продуктов питания. Из-за неполного развития производства и переработки агропродукции в стране доля импорта намного превышает долю экспорта. Даже в пищевой промышленности, несмотря на наличие экспортоориентированного движения, наблюдается преобладание. Также рассмотрены нововведения, ведущие к достижениям по цифровизации в направлении перехода на электронную платформу, данные обмена информацией с помощью сканирующего кода, который позволяет узнать цены на продукты питания и всю соответствующую информацию в стране. Поэтому в настоящее время даны рекомендации и исследования о том, что внутреннее потребление продуктов питания недостаточно обеспечено отечественной продукцией, рассмотреть их приоритетные направления.

Ключевые слова: программа, цифровизация, продукты питания, привлечение инвестиций, пищевая промышленность

Кіріспе

Қазіргі жағдайда өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін жеңіске жету стратегиясының негізгі бағыты – ассортиментті икемді басқару, өнімнің сұранысын нақты тұтынушылық қажеттіліктерге жақындату болып табылады. Жалпы кәсіпорындағы қызметті әртараптандырудан өндірісті әртараптандыру ерекшеленеді. Бұл тамақ өнеркәсібіне де қатысты болады. Негізгі қызмет түрлерін әртараптандыру – өндірісті әртараптандыруды қамтитын кең ұғым. Әртараптандыру – бұл компанияның өндірістік қатынастардың жаңа саласына кіруі, оған неғұрлым тиімді менеджмент немесе фирманың қызметін басқарудың жаңа тәсілін енгізеді. Әрине, әртараптандырудың мақсаты-ресурстарды толық пайдалану кезінде тиімділік көрсеткіштерін болашақта арттыруға қол жеткізуге байланысты болады. Елімізде азық-түлік өнеркәсібіне сандық технологияларды енгізуде әртараптандыруға аса назар аудару, компанияның жұмыс істеу цикліне қарамастан, оның тиімділігін арттырып, көп жағдайда тұрақты өсуді қамтамасыз етеді. Көбінесе, өндірісті әртараптандыру бір жақты, өндірістің бір өніміне негізделген, көпсалалы шығарылатын өнімнің кең номенклатурасына көшу болып табылады. БҰҰ ның азық – түлік туралы болған кеңесінде еліміздің президенті Қасым –Жомарт Тоқаев: «әлем бойынша азық-түлік жеткізудің белсенді қатысушы ретінде Қазақстанның аграрлық саласы орнықты дамытуды қолдайды» - деген [1]. Демек, ауыл шаруашылығы ұйымдары әлемдік азық-түлікті қауіпсіздендіруді қамти отырып, цифрлық жағынан басымдықты қолдау мақсатында тұрақты экожүйені қалыптастыру керек.

Әдеби шолу

Азық-түлік өнеркәсібіне сандық технологияларды енгізу міндеттері мен технологиялары және кәсіпорындағы қызметті әртараптандырудан өндірісті әртараптандырудың ерекшеленуінің тамақ өнеркәсібіне де маңызды түрдегі қатыстылығы бойынша мәселелері отандық және шетелдік ғалымдардың

еңбектерінде қарастырылған. Зерттеуде барлық деректер әдебиеттерге шолу негізінде талданды. Цифрландыру бойынша бағдарлама деректеріне сүйене келе, 2017 және 2022 жылдарға арналған ұлттық инвестициялық стратегия және бірнеше ауыл шаруашылығын дамыту және тамақ өнеркәсібін әртараптандыру бойынша мақалалар қарастырылды. Сонымен қатар кейбір мәліметтерді қолмен іздеу жүргізілді. Зерттеу барысында статистикалық көрсеткіштер бойынша талдаулар жасалды. Маркетингтік талдау және рейтингтік талдау әдістері қолданылды.

Материалдар мен әдістер

Жаңа сандық технологиялар бүгінгі күні зияткерлік цифрлық бағыттар бойынша ауыл шаруашылығы саласына, тамақ өнеркәсібіне еңбек өнімділігін арттыру және орнықты даму міндеттерін шешуге көмектесуі тиіс. Тамақ өнеркәсібіндегі өзгерістер үшін үлкен әлеует бар, олар цифрлық технологиялардың көмегімен және цифрландырудың толық ауқымды бағдарламасының мән мәтінінде, ауыл шаруашылығының дамуының сапалы жаңа деңгейіне шыға алады және ел экономикасының драйвері бола алады.

Ауыл шаруашылығын цифрландыру бағдарламасының іске асырылып жатқан іс-шараларының негізгі бағыттарын жан-жақты айқындау керек, оның негізгі басымдық бағыттары еңбек өнімділігін арттыру, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады [2].

Ауыл шаруашылығының бизнес үрдістерін цифрландыру тұрғысынан анықталған 3 негізгі мәселелері бар. Олар барлық ғылыми жетістіктер туралы толық ақпарат алу үшін бірыңғай дереккөздің болмауы, ауыл шаруашылығы секторындағы әзірлемелер мен инновациялар, әртүрлі технологияларды қолданудың әлемдік тәжірибесі туралы құрылымданбаған ақпарат.

Негізгі ережелер

Жоғарыда аталған мәселелерді жою үшін бірнеше бағыттар мен ұсыныстарды қарастыру керек.

Біріншіден, несие және субсидия алу процестерінің айқын болуын қадағалау, сыбайлас жемқорлықты болдырмау; екіншіден, ауыл шаруашылығы секторында білікті кадрлардың жетіспеушілігі мәселесін шешу бағыттарын айқындау, үшіншіден тамақ өнеркәсібінің нақты өзгерістерінің дұрыс нақтыланбауына жол бермеу керек.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің мәліметтеріне сәйкес инвестицияларды тартуды қажет ететін басым салаларға ең алдымен қолданыстағы әлеуеті бар салалар, оларға тамақ өнеркәсіптері, мұнайды және газ бен пайдалы қазбаларды терең өңдеу және машина жасау салалары жатқызылған.

Зерттеуде ҚР Инвестициялар және даму министрлігі 2017 жылдың тамызында 2018-2022 жылдарға арналған ұлттық инвестициялық стратегияны бекітті, осыған орай Қазақстан экономикасының шикізаттық емес салаларына шетелдерден инвестицияларды тарту, сонымен қатар олардың экспорттық әлеуетін

ұлғайтудың қажеттілігі аталып өтілді. Стратегияға сәйкес 2022 жылға қарай экономиканың шикізаттық емес секторларының негізгі капиталдарына инвестициялардың көлемін (мемлекеттік бюджетті қоспағанда) 1,46 есеге дейін арттыру жоспарланып отыр, ал экономиканың шикізаттық емес секторларының негізгі капиталына сыртқы инвестициялардың көлемі 1,5 есеге дейін ұлғаяды.

Сонымен қатар, елімізде индустрияландыру және «Цифрлы Қазақстан» бағдарламалары аясында Қарағанды облысында смарт технологияларды қолданатын жаңа нан зауыты ашылды. Зауыттың аналогтары тек Қазақстан мен ТМД елдерінде ғана емес, кейбір Еуропа елдерінде де жоқ. Жобаны жүзеге асыруға 2 миллиард теңгеден астам тікелей инвестиция салынған. Бастапқы өндірістік қуаты 35 тоннаны құрап отыр. Кәсіпорында нан өнімдерін әзірлеудің барлық үдерістері автоматтандырылған. Зауыттың ерекшелігі тек автоматты түрде жұмыс істеуінде ғана емес, сондай-ақ ол автоматты түрде өзін-өзі тазалайды. Сол арқылы уақыт пен қаржы үнемделеді. ҚР тамақ өнеркәсібін қолдау бойынша мемлекеттік бағдарламаларға тоқталатын болсақ, елімізде инвестициялық климатты жақсарту мақсатында 2017 жылы тамызда ҚР Инвестиция және даму министрлігі 2018-2022 жж. арналған Ұлттық инвестициялық стратегияны бекітті. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Стратегияда Қазақстанның шикізаттық емес экономика секторына шетелдік инвестиция тарту қажеттілігіне, сондай-ақ олардың экспорттық әлеуетін арттыруға басымдық берілген [3].

2017-2020 жылдарға арналған «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының аясында Қазақстанға үшінші елдерден келіп түсетін, сонымен бірге ЕАЭО-ның басқа мемлекеттеріне шығарылатын азық-түлік қауіпсіздігін бақылап отыру үшін, азық-түлік өнеркәсібіне сандық технологияларды енгізу міндеттері тұрды. 2017 жылы тамақ өнеркәсібінде «Даму» ЖЗҚ АҚ арқылы 178,1 млрд.теңгеге жаңа жобалар қаржыландырылды.

Сонымен қатар осы жылы екінші деңгейдегі банктер тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарына 406 млрд.теңге (+28,5%) мөлшерінде несие берді. Тамақ өнеркәсіптерін қаржыландырудың негізгі көзі инвесторлардың меншік қаражаты (83%-дан астамы), тек одан кейін екінші деңгейдегі банктердің несиелері (28%-ке дейін) болып табылады. 2017-2018 жылдарға арналған ҚР-ның агроөнеркәсіптік кешендерін дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында бәсекеге қабілетті, экспортқа бағытталған өнім шығаруға бағдарланған, заманауи қондырғылармен жабдықталған тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарын салу және жаңғырту кезінде, инвестициялық шығындарды субсидиялау жұмыстары жалғастырылатын болады. Өлшемдер де қайтадан қаралып, өндірістің нақты көлемін ескере отырып, баспалдақтар төмендетіледі және нормативтер сараланады, сонымен қатар кооперативтердегі бірлестіктер арқылы субсидиялар алудың мүмкіндігі қамтамасыз етіледі [4].

Сондықтан цифрлық технологияларды қолдануда тамақ өнеркәсібінде және аграрлық секторда, жаңа мемлекеттік ақпараттық жүйелерді құрумен және қолданыстағыларын дамыту қажет. Қазақстанның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өзінде автоматтандырылған жүйелерді құру және енгізу қажет екендігін көреміз.

Нәтижелер мен талқылау

2020 жылдардағы көрсеткіштерге сүйенсек, ауыл және қалалық жердегі тұрғындардың негізгі азық – түлік топтарының тұтыну бойынша кезеңдерінде нан және жарма өнімдері кеңінен қолданған, оның ішіне жемістерді де жатқызуға болады. Көшбасшы деген аймақтарға жатады: Түркістан (172,4), Алматы облысы (97 кг), Маңғыстау (98,5), Шымкент (52,6) және тағы басқа да тұтыну көрсеткіштерін аймақтар бойынша көрсетуге болады.

Қазақстан аймақтары бойынша тұтыну рейтингіне сәйкес 2017 жылдың 1-тоқсанында азық-түлік өнімдерінің барлық 10 тобын тұтыну бойынша жетекші орынды Қарағанды облысы алды, оған – 232,1 кг тиесілі, одан кейінгі орынды Павлодар облысы алады, оған – 230,6 кг және осы алғашқы үштікті ШҚО – 229,4 кг-мен жабады. Қызылорда, Ақтөбе және Жамбыл облыстарының тұрғындары басқаларына қарағанда өнімдерді аз мөлшерде тұтынады, тиісінше 188,3 кг, 184,5 кг, 177,9 килограммдай тұтынылған.

Жалпы азық-түлік қауіпсіздігінің индексін қарастыратын болсақ, ол отыз төрт көрсеткіш негізінде құрастырылып, нақты нарықтағы керекті деген өнім санының саны мен сапасын ескеріп отырады. Біздің еліміздегі қолжетімділік индексі 83 –ке тең болған. Тамақ өнімдерін өндіру саласындағы негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлемі 53,9 млрд теңгені құраған, ал негізгі капиталға инвестициялар, тамақ өнімдерін өндіру бағытында 2022 жылдың қаңтар- маусым айларында мынадай көрсеткіштерге тең болған. Кесте 1-де көрсетілген.

Кесте 1 - Негізгі капиталға инвестициялар, тамақ өнімдерін өндіру бойынша, 2022 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша (млн теңге)

Өңірлер	2022/06	2021/06	Бір жылдағы өсу қарқыны %
Қазақстан	53920,5	43363,0	24,3
Шығыс-Қазақстан облысы	18693,5	10480,4	78,4
Ақмола облысы	11416,6	3581,1	218,8
Алматы облысы	5140,7	8788,6	-41,5
Түркістан облысы	3580,7	3424,2	4,6
Алматы қаласы	3323,0	3866,8	-41,1
Шымкент қаласы	2452,9	601,0	308,1
Қостанай облысы	1519,1	2964,5	-48,6
Жамбыл облысы	1355,0	2278,2	-40,5
Ақтөбе облысы	1268,6	758,4	67,3
Солтүстік Қазақстан облысы	1168,7	3333,6	-64,9
Павлодар облысы	1160,2	734,2	58,0
Батыс-Қазақстан облысы	725,6	639,0	13,6
Маңғыстау облысы	567,6	477,0	19,0
Жетісу облысы	520,6	-	-
Қарағанды облысы	447,9	785,4	-43,0
Нұр-сұлтан қаласы	308,6	358,6	-14,0
Атырау облысы	133,9	50,5	164,9
Абай облысы	126,7	-	-

Қызылорда облысы	10,7	251,4	-95,7
Ескерту: дерек негізінде автормен құрастырылды [5]			

Осындай жағдайларға байланысты сектордағы барлық инвестициялардың көбісі кәсіптің өзіндік қаражаттары бойынша жасалады: 29,5 млрд теңге, бір жыл бұрынғы деректер негізінде 8,4 пайызға артық болғанын көруге болады. Осылайша барлық деректерге талдаулар бірнеше әдістемелік тәсілдерді пайдалану арқылы нақты көрсеткіштерді алуға мүмкіндік береді [3, 5].

Бүгінгі таңда маркетингтік талдау нәтижелері бойынша Қазақстандағы азық-түлік тауарларының бөлшек сауда нарығы жеткілікті деңгейде дамымаған. Елімізге маркетингтік талдаулар болашақта басқа аймақ салаларын дамыту үшін аса қажет болады. Өндірісті жаңғыртуға және жаңа технологияларды пайдалану үшін қажетті инвестициялар тартылған жағдайда, тамақ өнімдерін шығару өндірісі де жақсарады [6].

Соңғы жылдарды толықтай зерттеп, жүргізілген талдаулар бойынша сараласак, ауыл шаруашылық өнімдері 2018 жылы 7-10%-ға дейін қымбаттаған. Бұл энергия тасымалдағыштардың, тұқымдардың, минералды тыңайтқыштардың және тағы басқа да өнімдердің өзіндік құнының өсуінің салдарынан болып отыр, осыған байланысты өндірістің құны да артып отыр. Мәселен, 2016 жылы азық-түлік өнеркәсіптеріне арналған шикізаттар мен жабдықтардың бағасы 33%-ға дейін күрт өсіп кетті. Америка долларының нығаюына байланысты өнімдерді жеткізушілердің бағасы да өсті – ТМД елдеріндегі өнеркәсіп өнімдерінің бағасы 39,6%-ға, басқа елдерден әкелінетін өнімдердікі 48,7%-ға өсті. Осының салдарынан тауарлар 8,3%-ға дейін қымбаттап кеткенін көруге болады.

Ал сарапшылардың болжамдары бойынша, нан мен нан өнімдерінің бағасы 2017 жылдың деңгейіндегідей қалды, өйткені алдын ала берілген мәліметтер бойынша сол жылы елімізде 22 млн тоннадай астық жиналған. Отандық астық биылғы жылы да жоғарғы сапасымен ерекшеленеді. Ет бағасы маусымға байланысты құбылмалы болады. Республикамыздағы мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен көбінесе үй шаруашылықтарының айналысатынын (мал шаруашылығы өнімдерінің ЖІӨ-нің 74%-ы) ескеруіміз керек, сондықтан ет өнімдерін нарыққа жеткізу тұрақсыз болып отыр. Бүгінгі таңда ет өңдеу кәсіпорындары артығымен болған жағдайда олардың қуаттылығы орта есеппен 20%-ға дейін жүктеледі. Ауылдық кәсіпкерлерге өздерінің тауарларын супермаркеттерге өткізуге немесе шетелдік нарықтарға шығарғанға қарағанда, базарларға шығарып сатқан әлдеқайда оңай әрі тиімді болады [7].

Сонымен бірге, сарапшылардың болжамы бойынша 2018 жылы ет өнімдерінің бағасы қымбаттады, өйткені жем-шөптің бағалары әр жыл сайын өсіп жатыр. Мысалға алып қарасақ, Қазақстанда 2017 жылы бір түк шөптің бағасы 250-300 теңге болған болса, ал 2018 жылғы бағасы 400 теңгені құраған. Бағалардың өсуіне мал өнімділігінің параметрлері де ықпал етеді. Мәселен, Қазақстандағы сиыр өнімділігінің генетикалық индексі 60-70 –тің арасын құрайды. Салыстырып қарайтын болсақ, АҚШ-та өнімділіктің орташа генетикалық индексі 195 болса, Еуропа елдерінде – 120 болады. Қазақстандық фермерлер 2018 жылы ірі қара мал мен шошқаларды жасанды түрде ұрықтандыратын зертханаларды іске қосу

есебінен, 2020 жылға қарай ет бағасы төмендейді деп күтіп отыр. Қазіргі таңда қазақстандық отбасылардың ет пен ет өнімдерін тұтыну мөлшерінің өскенін байқауға болады. Отбасылық шығыстар 2016 жылы 15,4%-ды құраған болса, ал 2017 жылы 17,7%-ға дейін өсті. 2017 жылы ет өнімдерін тұтыну 0,7% болса, ал нан және жарма өнімдерін тұтыну 0,9%-ды құрады. Үкімет нарық бағасының қымбаттау себебін тексеру арқылы, отандық өндірушілер, ет өнімдері мен көкөністердің құнын айтарлықтай өсіріп жібергенін анықтады.

2022 жылы әлеуметтік маңызы бар деген өнімдердің бағасы арзандайды деп жоспарланған: Қарақұмық жармасы мен құнбағыс майын өндірушілер шикізаттың тапшылығын айтып дабыл қағуда, Ресейден осы өнімдердің елімізге жіберілуі мүмкіндігіне байланысты бағаның төмендеуі мүмкін деп болжануда. Құс еті мен тауық жұмыртқасының өндірілуі бойынша жағдай қиындап тұрғаны белгілі. Осы аталған өнімдерді елімізге жеткізілімнің бұзылуына байланысты елеулі шығындар нақтыланып, айқындалады [8].

Еліміздегі агроөнімдерді өндірудің және оларды қайта өңдеудің толық дамымағандығының салдарынан импорттың үлесі экспорттың үлесінен әлдеқайда басым болып отыр. Тіпті азық-түлік өнеркәсібінде экспортқа бағдарланған қозғалыстың болғандығына қарамастан басымдылық байқалады.

Қазіргі таңда азық-түлік өнімдерін ішкі тұтыну отандық өнімдермен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілмеген. Бұл жағдайға ҚР-сы тамақ өнеркәсібінің отандық өндірушілері тауарларының әлсіздеу өндірістік қуатымен қоса, жеткіліксіз асортименті де ықпал етуде.

Тамақ өнеркәсібіне макроэкономикалық жағдайлар да айтарлықтай әсер етеді, бұл өз кезегінде ұлттық валютаның нарықтық бағамына әсерін тигізеді. Тамақ өнеркәсіптерінде өндірістік кәсіпорындарды жаңғырту және оларды қайта жаңарту үшін жедел инвестициялық салымдарға өткір қажеттілік туындайды [9].

Елімізде Қазақстан экономикасының тамақ өнеркәсібіне шетелдік инвестицияларды тарту, сонымен қатар олардың экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар бар (ҚР агроөнеркәсіптік кешендерін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы, БЖК (ДКБ)-2020, 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық инвестициялық стратегия, ИИДМБ). Дегенмен, бюрократияның шамадан тыс дамуына байланысты тамақ өнеркәсібіндегі өндірушілерді қолдау мақсатында бөлінген ақшалай қаражаттың толық игерілуі бұзылуда.

Бүгінгі таңда Қазақстан Үкіметі ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін – азық-түлік қауіпсіздігін бақылау және қамтамасыз етудің бірыңғай мемлекеттік органы ретінде белгілеуді ұсынып отыр. Өндірістерді бақылап отырудың жеткіліксіздігі салдарынан отандық тауарлар төмен бағамен импортталатын тауарлармен бәсекеге қабілеттілікке шыдамайды, осылайша мемлекеттік қолдау көрсету шараларының тиімділігі төмендеп кетеді [10]. Қазіргі уақытта осындай органдардың болуы аса қажет деп есептейміз, өйткені нарықты зиянды өнімдерден қорғаудың техникалық регламенттердің талаптары сақталмайтындығын мойындауымыз керек, нақтырақ айтқанда, мысалы, импортталған мұздатылған құс еттері негізінен бірнеше қайтара мұздатылады, ал оның тауарлық түрінің

балғындығын сақтап қалуы үшін және бағасын қымбат ететін массасын ұлғайту үшін әртүрлі толтырғыштармен толтырады [11].


Мысал ретінде сары май өнімін қарастыруға болады. Техникалық шарттар бойынша бір килограмм сары май өндіру үшін кем дегенде 24 литр сүт талап етіледі. Сондықтан, бір келі сары майдың бағасы кемінде 2850 тенге болуы керек. 2017 жылы әкелінген импорттық сары майдың көлемі 1941 тоннаны құрайды, бұл ақшалай баламада 9,4 млн АҚШ долларын құрайды, осыған байланысты бір келі майдың бағасы 1620 тенгеге тең болады, яғни оның бағасы өзіндік құнынан екі есеге арзан. Демек, сары майды өндіру кезінде пальма және какос майлары сияқты арзан сүттің майын алмастырғыштар қолданылады. Осының салдарынан, Қазақстанның халқы негізінен отандық өндірісте жасалған сары майды сатып алады. Канада, Франция, Литва, Австралия, АҚШ және Қытай сияқты басқа елдердің тәжірибелерін ескере отырып [12], ауыз суды қоспағанда, барлық азық-түлік өнімдерін бақылап отыруды «фермадан үстелге дейін» деген қағидатпен қамтамасыз етуді бірыңғай мемлекеттік органдар жүзеге асырады [13].

Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының 2017 жылғы кірісі 2,4 млрд теңгені құрап отыр. Әрі осы жылы Қазақстан Қытайға, Біріккен Араб Әмірліктері мен Ауғанстанға ет тасымалдауды бастады. Сонымен қатар, 2017 жылы ЕАЭО елдерінде азық-түлік өнімдері, сусындар және темекі өндірістерінің айтарлықтай ұлғайғандығы байқалды, осылайша олар 308,1 млрд АҚШ долларын құрады. ЕАЭО елдерінің өнеркәсіптік өндіріс құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптерінің үлес салмағы 61% құрап отыр. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өңдеу өнеркәсібіндегі өнеркәсіп өндірістерінің орташа индексі 2016 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырып қарағанда, 2017 жылы 445,3%-ды құраған болса, нақтырақ айтқанда, Арменияда- 468,2%, Беларусияда – 407,6%-ды, Қазақстанда – 409,5%-ды, Қырғызстанда – 479,8%-ды, Ресейде – 385,8%-ды құрайды [14, 168 б].

2016 жылмен салыстырғанда 2017 жылы Қазақстанда балық және теңіз өнімдерінің (38,5%-ға), ұн өнімдерінің (26,4%-ға), алкогольсіз сусындардың (14,3%-ға), арак өнімдерінің (16,4%-ға), құс еттерінің (9,7%-ға), түрлі дәнді дақылдардың (36,7% -ға), макарон өнімдерінің (28,1%-ға) ет өнімдерінің (38,1%-ға), май өнімдерінің (23,6%-ға) өсімі байқалады. Сондай-ақ, балық консервілері (24,1%-ға), шұжық өнімдері (85%-ға), нан-тоқаш өнімдері (7,8%-ға), қант (37,3%-ға), темекі өнімдері (18,3%-ға), ет консервілері (9,6%-ға), ірімшік және сүзбе (6,9%-ға) өндірістерінің төмендегенін байқауға болады. Соңғы уақыттарда Қазақстанда отандық өндірушілердің азық-түлік өнімдерін тұтынудың артуына байланысты елімізде өндіріліп жатқан негізгі тамақ өнімдерінің импортты алмастыру бағытындағы қозғалысы байқала бастады.

2019 жылы азақ-түлік өндірісі 60 млрд теңгеге дейін көтерілді. Оның негізін ұн, сүт және ет өнімдері құрады, ал 2020 жылдағы бірнеше айлардың көрсеткіштері бойынша азық-түлік өнімдерінің өндірісі 3,6 пайызға артты. Осыған байланысты болашақта отандық азық-түлік өнімдерін өндірушілерге барынша қолайлылық жағдайларын жасау керек. Дәнді- дақылдар 2022 жылы азық- түліктің негізгі санаттарында ең жоғары көрсеткішті көрсетті, астық сату жағдайы жақсарған, демек экспорттаушылар арасында бәсекелестік күшеюде деп түсінуге болады,


оның нәтижесінде бидай бағасының төмендеуіне әкеледі. Төмендегі 1 – ші суреттен ФАО азық- түлік бағасының индексі талдауды көруге болады.



Сурет 1 -ФАО азық- түлік бағасының индексі талдау

Ескерту: дерек көзінен алынды [15]

Суреттен көріп отырғанымыздай, сүт өнімдері бағасының индексі қараша айында 1,5 тармаққа, яғни 2021 жылмен салыстырғанда 10,1 тармаққа жоғары екенін көреміз. Демек көрсеткіштер мынадай: бұл өнім сұранысқа ие, ал сары май бағасы бірнеше ай қатарынан төмендеген. 2022 жылғы азық – түлік бағасының индексі төмендегі 2 – ші суреттен көре аламыз.



Сурет 2 - 2022 жылғы азық – түлік бағасының индексі

Ескерту: авторлармен құрастырылды

Көріп отырғанымыздай, ет бағасының индексі 113,8 тармақты құрады, қант бағасы 117,2 тармақты құраған [15].

Жоғарыда көрсетілген барлық деректердің маңыздылығы мен негіздемесін аша келе цифрландырудың бағыты бойынша қазақстандық өнімдерді Қытай елінің ірі деген маркетплейстеріне «JD.com», яғни электрондық платформаға көшіруге байланысты жұмыстар тығыз жүргізілуде. Қытай елі осы бағытта азық- түлік өнімдерімен толықтай танысып, еліміздің тауарларын олардың нарықтарына жеткізу туралы шарттар жасауға ниетті.

Қорытындылар мен ұсыныстар

Өндірісті жаңғыртуға және жаңа технологияларды пайдалану үшін қажетті инвестициялар тартылған жағдайда, тамақ өнімдерін сапалы түрде шығару өндірісі де жақсарады. Қазіргі таңда ең бастысы өз еліміздегі тағам өнімдерінің сапасы мен әртүрлілігін арттыру және жақсарту болып отыр. Нақты бағыттар бойынша ауыл шаруашылығының барлық өнімдерін өндіруге байланысты жаңа бағыттарды қолдануды ұсынар едік. Еліміздегі азық – түлік тауарларының бөлшек сауда нарығы бойынша дамуы көбінесе маркетингтік талдауларға байланысты болады. Макроэкономикалық жағдайларда тамақ өнеркәсібінде айтарлықтай әсерлер көрінеді, өз кезегінде бұл жағдай ұлттық валютаның нарықтық бағамына нақты әсерін тигізеді. Тамақ өнеркәсіптерінде өндірістік кәсіпорындарды жаңғырту және оларды қайта жаңарту үшін жедел инвестициялық салымдарға өткір қажеттіліктер туындайды.

Тұтыну бойынша қарастырсақ, еліміздегі барлық тұтынушылар өзіміздің Қазақстанда жасалған өнімдерімізді сатып алса, тұтынса жақсы болар еді. Сонымен қатар «JD.com» электрондық платформасына көшу цифрландыру бойынша жетістіктерге әкеледі деп болжануда. Сонымен қатар елімізде азық-түліктің бағасын және қатысты барлық ақпараттарды біле алатын QR- кодын сканерлеу арқылы ақпарат жинау әрекеті іске қосылуда. Осындай нақты ақпараттар алмасу арқылы да еліміздің азаматтарына мейлінше қазақстандық өнімдерді қолдануды насихаттау керек, ірі сауда орындарын өзіміздің отандық сапалы азық- түліктермен толтыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Speech by the President of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev at the UN Summit on Food systems. Available: <https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-prezidenti-kasym-zhomart-tokaevtyn-buu-nyn-azyk-tulik-zhuyeleri-zhonindegi-sammitte-soylegen-sozi-2481020>, (Review date 27.04.2023)
2. Zhumaksanova K.M., Yessymkhanova Z.K., Yessenzhigitova R.G., Kaydarova A. T. Current state of digitalization of agriculture: problems and solutions //Central Asian Economic Review. – 2019. – No. 5. - P. 144-155.
3. Tolysbaev B. S., Seisinbinova A. A. Innovative development of food industry enterprises in the Republic of Kazakhstan: problems and perspectives //Economics: the

strategy and practice. - 2019. - Vol. 14. – no. 1. - P. 109-122. Available: <https://esp.ieconom.kz/jour/article/view/123/120>

4. Kudaibergenov Zh.D. Light and food industry of Kazakhstan: Textbook. - 2nd ed., add. - Almaty. –390 p.

5. Nurbay R. Economic Development of Kazakhstan: Overview and Forecasts [Electronic resource]. Available: https://www.inform.kz/ru/ekonomicheskoe-razvitie-kazahstana-obzor-i-prognozy_a3968410 (Review date 27.04.2023)

6. Ibragimov V.G. Urgent tasks of food industry development: foreign experience. – Moscow, 2011. – 468 p.

7. Nazarova A.I. Technology of canned fruits and vegetables. - Saint Petersburg, 2014. – 230 p. (in Russ.)

8. The price of food products of social importance in the country will decrease Available at: <https://zhaikpress.kz/kk/news/elimizde-aleumettik-manyzy-bar-tamak-onimderinin-bagasy-arzandajdy/> (Review date 27.04.2023)

9. Lavrushin V.I. Methodological basis for assessing the regional development of the food industry: Textbook, Almaty. - 2017. – 214 p.

10. Бериф-Зарудин Г.Э. Размещение производительных сил и региональная экономика. //Москва. – 2016. – С. 160.

11. Gafner T.S. Wine industry in developed countries. – Moscow, 2011. – 256 p.

12. Cheng D. Food industry trends for 2018. [Electronic resource] – Available: <https://www.finedininglovers.com/article/12-food-industry-trends-2018> (Accessed: 15.08.2022, Review date 27.04.2023)

13. Duncan U.S. Food Retail Industry – Statistics & Facts. [Electronic resource] - Available at: <https://www.statista.com/topics/1660/food-retail/#topicOverview> (Accessed: 21.12.2017, Review date 27.04.2023)

14. Akimova R.T. Live to eat or eat to live? Almaty, 2017. – 276 p.

15. Forbes. Kz. In 2022, food prices rose to record highs. Available: https://forbes.kz/news/2023/02/02/newsid_294232 (Review date 27.04.2023)

Information about the authors

***Manshuk Yerenkhan** – PhD candidate, Alikhan Bokeikhan university EI , Semey, Kazakhstan. Email: manchuk_16@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2184-2018>

Assan A. Satmurzayev – Dr. Sc. (Econ.), Professor, Kainar Academy, Almaty, Kazakhstan. Email: ncasan@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5208-6761>

Aigul M. Jumabayeva – Mr. Sc. (Econ.), Senior Lecturer, NJSC Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan. Email: aygul_dzhumabaeva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7675-7005>

Assem Z. Nurpeisova – Mr. Sc. (Econ.), Senior Lecturer, Alikhan Bokeikhan university EI, Semey, Kazakhstan. Email: asem_nz@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5599-4415>

Авторлар туралы мәліметтер

*Еренхан М. – PhD докторант, Alikhan Bokeikhan university БМ, Семей, Қазақстан.

Email: manchuk_16@bk.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2184-2018>

Сатмурзаев А.А. – э.ғ.д., профессор, Қайнар академиясы Алматы, Қазақстан.

Email: ncasan@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5208-6761>

Джумабаева А.М. – э.ғ.м., аға оқытушы, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу

университеті КЕАҚ, Алматы, Қазақстан. Email: aygul_dzhumabaeva@mail.ru,

ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7675-7005>

Нурпейсова А.З. – э.ғ.м., оқытушы, Alikhan Bokeikhan university БМ, Семей,

Қазақстан. Email: asem_nz@mail.ru, ORCID ID: [https://orcid.org/0000-0002-5599-](https://orcid.org/0000-0002-5599-4415)

[4415](https://orcid.org/0000-0002-5599-4415)

Сведения об авторах

*Еренхан М. – PhD докторант, Alikhan Bokeikhan university УО, Семей, Казахстан.

Email: manchuk_16@bk.ru ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-2184-2018>

Сатмурзаев А.А. – д.э.н., профессор, Академия Кайнар, Алматы, Казахстан. Email:

ncasan@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-5208-6761>

Джумабаева А.М. – м.э.н., старший преподаватель, НАО Казахский национальный

аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан. Email:

aygul_dzhumabaeva@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7675-7005>

Нурпейсова А.З. – м.э.н., преподаватель, Alikhan Bokeikhan university УО, Семей,

Казахстан. Email: asem_nz@mail.ru, ORCID ID: [https://orcid.org/0000-0002-5599-](https://orcid.org/0000-0002-5599-4415)

[4415](https://orcid.org/0000-0002-5599-4415)

МРНТИ 06.77.61

JEL: J01, J24, R23

DOI: <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2023-2-19-31>

Theories and concepts of gender inequality in the distribution of resources

Anel A. Kireyeva^{1*}, Nazerke A. Abilkaiyr², Gaukhar K. Kenzhegulova³

¹*Institute of Economics MSHE RK, Almaty, Kazakhstan*

²*al-Farabi Kazakh National university, Almaty, Kazakhstan*

³*NARXOZ University, Almaty, Kazakhstan*

Abstract

The purpose of the study is an analytical review of the main theories and the concept of gender inequality in the distribution of resources. Low-wage and short-term wage labour in the economy is often the only option for women (to a greater extent than for men), which leads to poverty in the population, especially in rural areas. The authors